

Жаңабекова М.А.,  
Оспанқұлова Ш.А.

**Ақпараттық коммуникация  
құралдарының қолданыстағы  
көрінісі**

Zhanabekova M.A.,  
Ospankulova Sh.A.

**Characteristics of Information  
Communicative Means in Use**

Жаңабекова М.А.,  
Оспанқұлова Ш.А.  
**Характеристика  
информационных  
коммуникативных средств  
в современном мире**

Мақалада ақпараттық коммуникация құралдарының қазіргі таңдағы қолданысы сөз болады. Мақала авторлары «бүқаралық ақпарат құралдары», «бүқаралық ақпарат», «журналист» үғымдарына аныктама береді, қазіргі кезде төртінші билік әкілдеріне қойылатын талаптарды, оның ішінде шетел тілдерін жетік менгеру маңыздылығын көрсетеді, ақпараттың қоғам санасын қалыптастырып, дамытуда үлкен үлесі бар екенін анықтайды. Мақала авторлары білім алушылардың ақпараттық байланыс құралдарын қолдану және бір-бірімен қарым-қатынас жасау деңгейін зерттеу мақсатында анықтау 60 респонденттің катысуымен саялнама жүргізді.

**Түйін сөздер:** бүқаралық ақпарат құралдары, коммуникация, журналист, Интернет, саялнама, «Vkontakte», «Facebook», «Twitter», «Youtube».

---

In article it is told about use of information communicative means in the modern world. Authors of article give definition to such concepts as «mass media», «mass information», «journalist», define requirements imposed to representatives of the fourth power including importance of knowledge of foreign languages, reveal a big role of information in formation and development of conscious in society. Authors of article carried out questionnaire with 60 respondents for the purpose of studying of use of information technologies by students and defining their level of communication.

**Key words:** mass media, communication, journalist, Internet, questionnaire, «vkontakte», «Facebook», «Twitter», «Youtube».

---

В статье говорится об использовании информационных коммуникативных средств в современном мире. Авторы статьи дают определение таким понятиям, как «средства массовой информации», «массовая информация», «журналист», определяют требования, предъявляемые представителям четвертой власти, особо отмечая важность знания иностранных языков, выявляют большую роль информации в формировании и развитии сознания у общества. Авторами статьи было проведено анкетирование у 60 респондентов с целью изучения использования информационных технологий студентами и определения их уровня коммуникации.

**Ключевые слова:** средства массовой информации, коммуникация, журналист, Интернет, анкетирование, «vkontakte», «Facebook», «Twitter», «Youtube».

**АҚПАРАТТЫҚ  
КОММУНИКАЦИЯ  
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ  
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ  
КӨРІНІСІ**

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Занының 1 тарауында бұқаралық ақпарат, бұқаралық ақпарат құралы, журналист және бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату сияқты т.б. ұғымдарға нақты анықтама беріледі. Бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз ұштасып, әр түрлі ақпаратта негізделген жаңалықтар топтамасын жарыққа шығарып, қоғам мен адам арасын байланыстырып жатқан рухани көпір ісептес негізгі атаулаулар болып есептеледі. Осы атаулардың ең негізгі бұқаралық ақпарат құралы туралы былай делінген: «мерзімді баспасөз басылымы, теле-радиоарна, кинокүжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны», ал бұқаралық ақпарат деген атауға келсек, бұл туралы «тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары», - деп айтылған. Одан кейін де Занға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенімен, олардың қай-қайсысы болса да төл бұқаралық ақпарат құралдарымыздың бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік ағымдағы технологиялық жетістіктерге негізделген ақпараттық инфрақұрылымды дамытуға, оны өркендештеге бағытталған. Қазіргі таңда елімізде өмір сүріп жатқан ұлт және ұлыс өкілдерінің ақпарат алу мүмкіндігі жаңа мазмұнға ие болды. Ол – бәсекеге қабілетті, нақты қоғамдық пікір туғызып, халықтың көзқарасына ықпал ете алатын кәсіпкерлік БАҚ-тың, яғни коммерциялық ірі медиа бірлестіктердің құрылуты болып табылады. Әрине, бұқаралық ақпарат құралдарының өміршендейтігі «өткен, осы, келер» деген үш ұштік ұғымға негізделген, ал хабарлама өзегі «айналада болып жатқан – осы» деген ұғымды шенбер етеді де, «болып өткен, алдағы уақытта болатын» деген ұғымдар хабарлама шенберінің төңірегінде (перифериясында) орналасып, жаңалық мазмұнына жанама мағына береді, сонымен қатар оның нөрін аша түседі.

Ақпарат арналарындағы қандай хабарламалар болмасын, қай-қайсысы да халық санасының қалыптасуына, дамуына әсер етпей қоймайды. Соңғы жылдары ақпараттанудың, әр жастағы, әртүрлі деңгейлі адамдар арасында байланысқа түсудің, әлеуметтік топтарды қалыптастырудың, қарым-қатынас орнатудың

әдістері күрт өзгерді. Бұрын адамдар тікелей сөйлесу арқылы, яғни ағылшын тілінде айтсақ «face to face» (фейс ту фейс –бетпе-бет) деп аталатын *ата-ана мен бала, оқытушы мен оқушы, жас пен қарт, туыс пен дос арасындағы байланыс орнастылса, қазіргі таңда ғылым дамуының жетістігі нәтижесінде дүниеге келген жаңа технологиялар «ұялы телефондар», «факс», коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстырыған «Интернет» жүйесіндегі «электронды пошта» қолданысқа енді, сонымен қатар теледидар, жеселі телефон және компьютер күнделікті қолданыста өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, себебі XXI ғасыр – ақпарат ғасыры, әлемдік және отандық озық технологиялар жемісі болып табылатын мультимедиалық құралдарды жақсы игерген, бірнеше тілдерді менгерген, рухани құндылықтарымызды насиҳаттай алатын жастар өмір сүретін білім қо-*

ғами. Жоғарыда аталып өткен Занда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, яғни журналистке мынадай анықтама берілген: «журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға». Қазіргі заман талабына сай осы жеке тұлғаны сапалы дайындауда тек отандық біліммен шектелетін ақпарат көздеріне ғана сүйеніп қоймай, ақпарат таратуда ұстанатын түпнұсқалық негізде жазылған әлем елдері басшылыққа алатын БАҚ қагидаларына да жүгінген абзал. Сонымен, біз ақпараттық ғасырда өмір сүріп отырғандықтан ақпараттық байланыс түрлеріне тоқталып, олардың атауларын *ағылышын тілінде* жазуды жөн көрдік.

#### 1-кесте – Бастанқы және қазіргі байланыс түрлері

Types	Means of communication						
Primary	letter	post-office	telephone	radio	photo	television	computer
Developing	INTERNET						
Modern	e-mail messaging	faxes	mobile phone	radio	video camera	Digital TV	Digital computer

Казіргі байланыс түрлері тек кестедегі атаулармен шектелмейді. Электронды поштасы бар жастардың көпшілігі «V-kontakte», «Facebook», «Twitter», «Youtube» тәрізді ғаламтордың әлеуметтік желілерін пайдаланады. Теледидар және радио әуе толқындарына жаңалыктар топтамалары келіп түсуін немесе газет, журналдарда жарияланғанын күтпей-ақ ғаламдық желідегі сайттарға шыға отырып, бүтінгі әлемде болып жатқан ақпараттарға қол жеткізе алатын болдық. Заманауи озық технологияға негізделген құралдар дәстүрлі ақпараттық құралдарды ешқашан жоққа шығармайды, керісінше оларға жаңаша реңк беріп, бәскелестік аренага шығуға, жаңа форматта жұмыс істеуге итермелейді, бірін-бірі толықтырады, бұқаралық медианың


барлық құралдарын қәсіби менгеруге итермелейді. Сондықтан да болар жаңашылдық мәнге ие болған ақпараттар ағыны ғаламдық желіде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Осыған орай, ғаламтор желісін және ұялы телефонды тұтынушы ағылшын тілін арнайы мамандық ретінде оқитын филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 1 курс студенттерімен электронды пошта арқылы ақпараттық байланыс құралдарын қолдану және бір-бірімен қарым-қатынас жасау деңгейін зерттеу мақсатында анықтау сауалнама дайындалды. Нәтижелерінің шынайы болуына қол жеткізу– сауалнама сұрақтарына үш дистрактор қолданысын анықтау арқылы іске асырылды.

#### 2-кесте – Анықтау дистракторлары бойынша білім алушылардың ақпараттық коммуникация құралдарын пайдалану деңгейлері (%)

№	Сауалнама сұрақтары	1 курс
1	Which of these means of communication do you use most frequently?	
a)	e-mail (v-kontake, Facebook, Twitter, Youtube and etc.)	45,5 %

## I-кестенің жалгасы

№	Саялнама сұрақтары	1 курс	
b)	telephone	20,3 %	
c)	face-to-face communication	34,2 %	
2	What is the best ways of finding out what is going on?		
a)	internet	60 %	
b)	mobile phone	5,5 %	
c)	television	34,5 %	
3	How do you communicate?		
a)	with the help of technological developments	67,3 %	
b)	with a direct speech	30,2 %	
c)	with a writing letter	2,5 %	
4	What is the importance of new means of communication? Why do people use them ? (internet, an email and a mobile)		
a)	it is easy to communicate	28,5 %	
b)	people can write a message in a few seconds	42,3 %	
c)	it's the best way to keep in touch with anyone	29,2 %	
5	What are the most frequent reasons to make a call with a mobile phone?		
a)	A call based on a business interests	34,4 %	
b)	a call in case of emergency (to an ambulance and etc.)	20,4 %	
c)	a personal call	45,2 %	
6.	What do you think about advantages and disadvantages of different means of communication among the youth, ordinary people, businessman and educated ones?	+ 75%	- 25%



1-сурет – Білім алушылардың ақпараттық байланыс құралдарын\* пайдалану деңгейлерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Анықтау эксперименті барысында төменде-гідей **міндеттер** шешілді:

- білім алушылардың электронды пошта мен әлеуметтік желілерді қолдану деңгейі;
- болашақ мамандардың әлем жаңалықтарына қолжетімді құралдарды таңдау деңгейі;

- тікелей қарым-қатынасқа тусуі және коммуникация құралдарын пайдалану;
- жаңа байланыс құралдарын тандаудың қаншалықты маңызды екендігі;
- ұялы телефонды қандай жағдайда көбірек қолданатындығы;

• әр саладағы адамдардың әртүрлі байланыс құралдарын пайдаланудағы артықшылықтары мен кемшін түстары қарастырылады.

Жоғарыдағы міндеттерді шешу барысында педагогикалық, психологиялық және лингвистикалық зерттеулердің әртүрлі **әдістері** мен технологиялары кеңінен қолданылды:

• бұқаралық ақпарат құралдары мен заманауи технологияларға, сонымен қатар ғаламтор жүйесі, электронды пошта, әлеуметтік желілерге қатысты дереккөздерге, сайттарға талдау жасалды;

• білім алушылармен әңгімелесу, сауалнама жүргізілді, сауалнама тестік тапсырма ретінде дайындалып, оның нәтижесі езіндік жұмыс (СӨЖ) барысында талданды.

Ақпараттық қогамның өмір сүруін, одан әрі дамуын бұқаралық медиа және жаңа технологияға (интернет, ұялы телефондар, радиотелекоммуникация, компьютер, интерактивті тақталар және т.б.) негізделген коммуникация құралдарынсыз елестету мүмкін емес екені баршаға аян дегіміз келеді.

#### Әдебиеттер

- 1 «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заны.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1718 Каулысы.
- 3 Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkulturnye kommunikacii. – M., 2000.

#### References

- 1 «Bailanys turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2004 zhylgy 5 shildedegi Zany
- 2 Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2011 zhylgy 30 zhletoksandagy № 1718 Kaulysy
- 3 Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkulturnye kommunikacii. – M., 2000.